Сурет ҚР Президентінің ресми сайтынан алынды.

ПРЕЗИДЕНТ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІНЕ ЕРЕКШЕ ҚАРАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласында жастар саясатына қатысты да қордалы мәселелерді қозғады. Қоғамның қозғаушы механизмі, елдің келешегі кемел болуының кепілі жастар болғандықтан, бұл мәселеге атүсті қарауға әсте болмайды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы мақаласында жастарымыздың шетелге көптеп кетіп, елге оралмай жатыр деген пікірге қатысты айтқан ойын құптаймын. Аймақтану магистрі ретінде зерттейтін салам болғандықтан, қадағалап жүремін, еңбек миграциясы мәселесі аса маңызды. Әлемде қазір «үлкен Қытай» деген түсінік бар. Халқының саны жөнінен алдыңғы қатардағы Қытай мемлекеті жұмысшы күшін шартарапқа жіберіп, осындай термин қалыптастырып отыр. Қоңсылас көршіміз Өзбекстанды алайық. Өзбек билігі сыртқа кеткен еңбек миграциясы мемлекетке орасан қаржылық кіріс кіргізетінін мақтанышпен айтады. Жұмысшы күші сырт елдерден қаржы тауып, өз еліне аудару арқылы салық төлейді, басқа да мемлекеттік төлемдерді өтеп, еліне пайдасын тигізіп келеді. Қоғамда шетелге кеткен жастарымыздың оралуы сиреді, талантты өрендер өзге елде ұлтан болып қалып қояды деген де пікір бар. Сыртқа шыққаны, көргені, таным көкжиегін кеңейткені дұрыс. Кезінде Бірінші дүниежүзілік соғыстың тыл жұмыстарына 19-45 жас аралығындағы азаматтарымызды жібермейміз деп халық өре түрегелгенде, Алаш қайраткерлері «қайта ел көріп, тәжірибе жинап, өзге елдің дамуы қандай екеніне көз жеткізіп, жастарымыздың алға ұмтылысы болмай ма?» деп шетелге көптеп шығудың маңыздылығын айтқан еді. Елбасымыздың өзі әлемдік тәжірибеден, әсіресе, Сингапур мысалдарында «ақ жағалылар» реформасына сілтей отырып, әуелі шетелге жастарды оқытуға ден қоюды бастап еді. Соның көрінісі 1993 жылы елең-алаң шақта Тұңғыш Президентіміз елдің экономикалық ахуалы енді-енді бас көтеріп келе жатқан шақта «Болашақ» бағдарламасын өмірге әкелді. Соның арқасында осы уақытқа дейін он мыңға жуық талантты жастар әлемнің таңдаулы оқу орындарында білім алып, білікті кадр атанып қайтты. Рас, шетелде қалып жұмыс істеп, қазақтай ұлттың да ұландары ұстын бола алатынын дәлелдеп жүр. Дегенмен де жастар жаппай кетіп, қалып қойып жатыр деген жаңсақ пікірдің жетегіне еруге болмайды. Президент өз мақаласында Елбасының жастық шағында Украинаға кетіп, үлкен тәжірибе жинап, елге қайтып, домна пешінің қойнауынан еңбек жолын бастағанын өте орынды өнегелі мысалын келтіре білді.

Жастар шетелге барса, тәжірибесі толысады, таным көкжиегі кеңейеді, біліктілігін шыңдайды. Сондықтан мұндайға үрке қарауға болмайды. Өмір – әлемдік жаһанданудың процесі. Мақалада қамтылған тағы бір бағыт – президенттік кадр резерві. Ел ішінде қаншама талантты жастар бар. Міне, солардың томағасын сыпырып, қанатын кеңге сермейтін тұғыр беруіміз керек. Ел басқару жолында алдыңғы буынның ізін басып, ісін жалғар жастардың шоғырын қалыптастыру мүддесімен құрылған кадрлық резерв те жемісін беретін жоба деп санаймын. Билік басына келген әрбір азамат Президентіміз айтқандай, «ең алдымен ұлттық мүддеге берік болуға тиіс». Тұңғыш Президентіміздің тұсында да әкімшілік реформалардың алды ретінде мемлекеттік қызметкерлерді іріктеп, сұрыптау бағытында «А» және «Б» корпусы сынды қызметтің жаңа моделі қалыптасты. Бүгінгі Президенттің кадрлық резерві осы жобаның жүлдесін үзбей жалғастырушы іспетті. Бұл жерде қабілетіне, еңбек тәжірибесіне, дайындығына қарай бәсекелестік ритмде сынақтан сұрыпталады. Бұл – мансаппен өсемін, елге қызмет етемін деген жасқа үлкен мүмкіндік. Жас ұрпақтың таланты мен талабын тиімді бағытта дамытып, ел мүддесіне бойлату мақсатында Президент жанындағы жастар кеңесінің қызметін жандандыру керектігін баса айтты. Рас, өскелең ұрпақтың бағыты айқындалғанда ғана көшіміз көшелі болады. Жастар кеңесі білегіне емес, біліміне сенетін, барлығын да біліктілікпен байыптайтын шоғырдың бас қосар алаңына айналуы тиіс. Әрине, жастың мәселесін тек жас біледі, сол себепті, жастармен кеңес құра, ақыл тербете, бірге шешімін іздеу форматы, бұл бүгінгі қоғамдық талап, осыны билік өте орынды қолға алып отыр. «Тәуелсіздік ұрпақтары» деген грант тағайындау ұсынысы да уақытылы шешім. Тәуелсіздігімізді жариялап, бодандықтың қылбұрауынан босаған елең-алаң шақта өмір есігін ашқан бала, бүгінде орда бұзар отыз жасқа шығады. Тәуелсіздік жылдарында өмірге келген талапты жастардың қанатын қатайту үшін мұндай гранттар молынан болғаны жақсы. Тек білім беру гранттары ғана емес, кәсіпкерлікті өрістеткісі келетін, ғылымның терең жаңалықтарын ашамын деген жастарға да қолдау көрсетіп, шығармашылығын шыңдауды қалайтын өнерлі шоғырға да мемлекеттік гранттар тағайындалып, талапты буынның томағасын сыпыратын жобаға айналуы тиіс. Димаш Құдайберген, кешегі Иманбектердей жастардың әлі де көптеп шығатынын паш ету керек. Президент мақаласында талантты жастар рухани елшілеріміз екенін баса айтты. «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген хәкім Абайдың даналығы қашанда құнды. Бүгінгі заманның батырлары білектің күшімен емес, білімді ісімен дараланады. Қ.Тоқаев ел дамуының басты қозғаушы күші білім мен технологияны игерген, еңбек өнімділігі жоғары жастар деп баға береді. Мағжан ақын арыстандай айбатына, жолбарыстай қайратына сенген жастардың жалыны қай кезде де қуатты. Елінің ертеңін ойлаған мемлекет алдымен жастарына жағдай жасайды.

Мақсат ЖАҚАУОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ
аға оқытушысы,
Рухани жаңғыру
орталығының жетекшісі

«Қызметкер жұмысымен көрге көмілсе, басшының ісі өрге өрмелейді». Елімізде жұмыссыздар саны көп. Десе де, жастығына қарамастан еңбекке ерте араласып, адал терімен нәпақа тауып жүрген жастар да жетерлік. Шыны керек, көптеген кәсіпкерлер жастардың мұндай ынтасын өз игілігіне пайдаланып жүр. Бесіктен белі шықпай жұмыс істеуге көшкен аңқау жастардың құқығы көп жерде қорғалмай жатады. Таң атып, кеш батқанша жұмысқа жегіліп, жалған айыппұл мен негізсіз қысқартулардың кесірінен қолдарына тиген қаражат еңбегіне татымайды. Одан бөлек, азыған қоғам мүшелері де жұмысшы жасты менсінбей қарап, кемсітетіні бар. Тіпті кейбіреулері жас қыздарға қырындап та үлгеріп жатады. Еңбек шарты болса мүлдем жасалмайды. Осы тұрғыда, «өңірімізде жұмысшы жастардың құқығы қорғалып жатыр ма және жеткіншектерді қалай алдайды?» деген сұрақтарға жауап іздедік.

Жастар беті

Жұлдыз

ЖҰМЫСШЫ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ТАПТАЛЫП ЖҮР

ЖҰМЫСШЫ ҚЫЗДАРҒА ҚЫРЫНДАЙТЫНДАР КӨП

Жаз келіп, парктер мен демалыс орындарының жұмысы жүрді. Бұл кезде әдетте кәсіпкерлер арзан жұмыс күшін іздеп, жастарды жұмыспен «қамтамасыз» етеді. Ата-анама қолғабыс боламын деп жүрген жұмысшы жастардың сілтегенге жүгіріп кете беретіні өтірік емес. Басшылардың арасында өзінің қолындағы құзыреттілікті асыра пайдаланып, мін көрсететіндері де бар. Бізге сұхбат берген кейіпкеріміз карантин уақытында қаладағы тамақтану орнында даяшы болып жұмыс істеген. Оның айтуынша, жастарға жекіп сөйлейтіндердің арасында қарапайым халық та бар.

– Өзім басқа қалада оқимын. Жазғы уақытта өз қалама келіп, келесі оқу жылына дайындалу үшін жұмыс істеймін. Әрине, әр жұмыстың өзіндік қиындықтары болатынын білемін. Десе де, кей орындарда жастарды шектен тыс жұмсайтыны жасырын емес. Басшылық тарапынан түскен сансыз айыппұлдардың кесірінен жалақымызды толық ала алмайтынбыз. Аптасына 20 мың теңгеге дейін айыппұлға ұстап қалып жүрді. Сылтау – біреу. Жұмысқа кешігіп келу немесе басшыларға қарсы шығу. Санитарлық шектеулерге сәйкес жұмыс ерте аяқталса да, мейрамхана егесінің өзі ұйымдастыратын сауық-сайран, қыз-қырқынның бітуін күтіп, таңғы 5-6-ларда қайтатынбыз. Тиісінше, таңғы сағат 9-да басталатын жұмысқа кешігіп келеміз. Ал кешігіп келгеніміз үшін айыппұл аламыз. Қызық парадокс. Даяшылар аз болғаннан кейін демалыссыз бірнеше ай жұмыс істеген кездер болды. Негізгі жұмыс уақыты азанғы 9-да басталып, түнгі 2-3-ке дейін созылады. Бірақ, көп жастар әлі де сол жерде жұмысын жалғастыруда. Ақша табу керек, - деді есімін атамауды сұраған кейіпкеріміз.

Даяшыларға келетін қауіп ол ғана емес. Кейіпкеріміздің айтуынша, тамақтануға келген ересек азаматтар жұмыс істеп жүрген жас қыздарға қырындап отыратын көрінеді. Арақ ішіп, есін жоғалтқандар қолына еге болмай жас қыздың денесін аңдиды екен. Дегенмен, оларды қорғайтын адам жоқ. Басшыларға «майлы клиент» маңызды болса, жастар саясатындағы тұлғалар «отчет» жабумен әлек секілді көрінеді. Жайдың атқан тасындай арқаны кеңге салатын бас партияның жастар қанатына хабарласып көрдік. Алайда олардың айтуынша, бұл мәселе басқа «проектілердің» көлеңкесінде қалып кетіпті.

«БҰЛ БАҒЫТТА ӘЛІ ЕШҚАНДАЙ ШАРА ЖАСАМАДЫҚ»

Қызылордалық жастардың жанайқайын көшбасшы жастарға жеткіздік. Әдепкіде бұл іс өздерінің жобасына кірмейтінін жеткізгенімен, артынан мәселенің өзекті екенімен келісті. Жастармен бірлесіп істелген бірнеше жұмыстар жайлы айтылды. Әрине, әдеттегідей тақырыптан тыс. Десе де, көп күтпей-ақ, бастапқы тақырыпқа қайта оралдық.

– Иә, бұл – өзекті тақырып. Аталмыш мәселені жыл басында қозғаған болатынбыз. Бірақ, аса қатты нәтиже көрмедік. Себебі, облыстық деңгейде көтерген жоқпыз. Тек өз арамызда талқылап, жоспарға енгізгіміз келді. Бірақ, өзіміздің басқа «проектілер» болғаннан кейін бұған қатты көңіл аудармадық. Бұл жағдайды бір ғана ұйым өзгерте алмайды. Бірлесіп шешілетін мәселе. Арасында полиция қызметкерлерімен мониторинг жүргізіп тұрамыз. Ал дәл осы бағытта әлі ешқандай шара жасамадық. Алдағы уақытта бұл мәселені көтеріп, бір жолға қоюға тырысатын боламыз, - деді «Jas Otan» Жастар қанаты облыстық филиалының кеңесшісі Асем Какарманова.

Жалпы, жастарға заңмен бекітілген арнайы жұмыс уақыты да бар. 14 жастан 16 жасқа дейінгі аралықтағы жастарға аптасына 24 сағаттан аспайтын, ал 16 жастан 18 жасқа дейінгі аралықтағы жастарға аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақыты рұқсат етілген. 18 жастан асқан азаматтарға аптасына жұмыс уақыты 40 сағаттан аспауы тиіс. Бірақ, біздің өңіріміздегі жастар бұл көрсеткіштің екі есесін өтейді. Жұмысшы жастармен әңгімелесу барысында ұққанымыз, жергілікті тұрғындардың әдебі де сын көтермейді. Әсіресе, әйелдер қауымы тамақтану немесе сауда орындарында жас қызметкер көрсе құлдай жұмсап, айғайлап өзінің үстемдігін көрсетіп отырады екен. Айғай шығаратындардың дені ересектер көрінеді. Ал жастарға қызмет көрсету басқаларға қарағанда оңай, керісінше өздеріне көмектесіп кететінін айтты.

«Жастар – біздің болашағымыз». Құлақ еті үйренген ұран. Десе де, олардың құқығын қорғау қолдан келмей жатыр. Біз терең мәселенің бетін ғана көтердік. Түбіне үңілсең, алаяқтықтың сан түрін көруге болады. Басын бұққанға бақыр тиын да көрсетпей, жүгіртіп жібергендер қаншама. Қаражаттан қысылған қарақөздер еркін заманда еңкейіп өмір сүруге мәжбүр. Бұл – егемендіктің ең ауыр көрінісі. Жылда жастар форумы мен жастар саясатына миллиардтаған қаражат жұмсалатыны еске түссе, жарғақ құлағың жастыққа тимейді. Қазан бетіндегі жылмаң сөйлеп, шендінің көңілін тапқандарға ғана берілетін сый бұл жиындар. Ал қазан астындағы «қаспақтарға» соларға қызыға қараудан басқа амал жоқ...

Бекзат АМАНОВ

ТҮНДЕРДІҢ НОТАСЫ

Көңілге жайғасқан ырыс-құт,
Көзбенен бәрін де ұғыстық.
Ең сұлу әңгіме – үнсіздік,
Ең сұлу музыка – тыныштық.

Бүр жарса махаббат бүршігі,
Тылсымы тәңірдің гүл сыры.
Әуездің әрлісі емес пе,
Ынтызар жүректің дүрсілі.

Тып-тыныш арудың түні мұң,
Дүп-дүрыс бәрі де тұнығым.
Жіпсіз-ақ жанымды байлаған,
Айтқызбай ұғатын қылығың.

Құшағың жып-жылы, ып-ыстық,
Біз сөзсіз сүюге тырыстық.
Күндердің күмбірі – даңғаза,
Түндердің нотасы – тыныштық.

Жанарға жазылып мың түнім,
Сызбасы бар сынды күлкінің.
Күйтабақ әуенін оқиды,
Тым ауыр қағылған кірпігің.

Түнменен тілдесу көп неге,
Үнменен үндесер от дене.
Ол бәрін естиді, ұғады,
Жүректің құлағы жоқ деме.

АЛДАНЫШЫМ

Жанжүрегімнің жанбайды бағы,
Мұңымдай болса жан-қайғылары.
Сәулем-ай, саған сенгім келеді,
Ал, адамдардың алдайды бәрі.

Бақыттың құсын алдан ұшыра,
Ақ тілек айтып арман құсына.
Арбама мені, алдама мені,
Айналшы қайта алданышыма.

Назымды тыңда алданған шақтан,
Мадақтауларға малданған шақтан.
Жалған сөздерге ере көрмеші,
Жалғыз бақытым жалғаннан тапқан.

Жоқ шығар бізге шеннің керегі,
Жоқ шығар бізге шердің керегі.
Мақтадай мамық махаббаты бар,
Сәулем-ай, саған сенгім келеді.

Тап-таза көңіл жан бағысың-ау,
Рауан-ғұмыр таңдарысың-ау.
Сезімге мәңгі сенбей кетермін,
Алдама мені, алданышым-ау.

Айдар САЙЛАУОВ